

**"Жетісу" туристік ақпараттық орталығы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Комплаенс-офицер
туралы ережесі.**

"БЕКІТЕМІН"

**"Жетісу" туристік ақпараттық
орталығы" КММ басшысы**

Ж. Нуриев

2023 ж.



Талдықорған 2023

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже "Жетісу"Туристік ақпараттық орталығы" КММ (бұдан әрі – мекеме) Комплаенс - офицерінің мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құрылымын белгілейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады. Ереже Комплаенс-офицердің қызметін ұйымдастыруды, мекеменің басқа құрылымдық бөлімшелерімен және қызметкерлерімен өзара іс-қимыл тәртібін реттейді.

1.2 Комплаенс-офицердің қызметі ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мекеменің басқа бөлімшелерімен тұрақты және тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырылады.

1.3 Комплаенс-офицер қоғамның дербес лауазымды тұлғасы болып табылады және басқарма төрағасына тікелей бағынады.

1.4 Комплаенс-офицерді мекеме басшысы қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

1.5 Комплаенс-офицер мекеме басшысына есеп береді, сондай-ақ өз міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстармен қамтамасыз етіледі;

1.6 Комплаенс-офицермен еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Мекеме басшысының бұйрығы негізінде жасалады;

1.7 Комплаенс-офицер өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, бұйрықтарды және қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Комплаенс-офицердің функциялары мен негізгі міндеттері

2.1 комплаенс-офицердің негізгі міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету.

2) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы"Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.


3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау.

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

2.2 Комплаенс-офицер өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды орындайды:

- 1) қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;
- 5) Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы мәніне мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылау;
- 8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 10) жазбаша нысанда келіп түскен шағымдар мен өзге де өтініштер, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы БАҚ-та ақпарат негізінде қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу;
- 11) Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 12) Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау;
- 14) Мекеме жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелерге шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, Іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

3. Құрылымы



3.1 COMPLIANCE OFFICER MEKEME BASSHYSYNA TIKELAY BAFYNATYIN LAUZYM DY TULFA BOLYP TABYLADY.

3.2 COMPLIANCE OFFICERDIN QURYLIMYNA OZGERISTER MEN TOLYQTYRU LAR ENGISU BASHYNYN SHESHIMEN JUZEGE ASYRYLADY.

4. Өзара әрекеттесу

4.1 Комплаенс-офицер лауазымдық міндеттерін орындау және берілген құқықтарды іске асыру кезінде мекеменің барлық бөлімшелерінің басшыларымен өз функцияларын іске асыруға және өзіне жүктелген міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

5. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

5.1 Комплаенс-офицер туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

"Жетісу" туристік ақпараттық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жетісу" туристік ақпараттық орталығы" КММ (бұдан әрі – мекеме) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже (бұдан әрі – ереже) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң).

2. Осы ереже сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.

3. Мекеме өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы ережені ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже Мекеменің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – Мекеме мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін

